«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ



Пәні: Сәулет заңнамасы және нормалау

6В07301 «Сәулет» білім беру бағдарламасына арналған

Дәріс. 3-тақырып: Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі

ӘГҒ кафедрасының з.ғ.м., аға оқытушы Абдрахманова А.А.

Қарағанды 2026

Дәріс сабағының жоспары:

1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің құқықтары мен міндеттері.

2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің жауапкершілігі.

1-сұрақ. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің құқықтары мен міндеттері

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің субъектілері — Қазақстан Республикасының аумағында адамның мекендеу және тіршілік ету ортасын қалыптастыруға әрі дамытуға қатысатын мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар.

Азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдіктерге және шетелдік заңды тұлғаларға, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында сәулет, қала құрылысы және (немесе) құрылыс қызметіне жататын жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) құқығы берілуі мүмкін.





Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің субъектілері заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарға құқылы:

1) жоба алдындағы зерттеулер, техникалық-экономикалық негіздеме дайындау, құрылысқа инвестицияларды негіздеу, аумақты игеру және (немесе) құрылыс салуды жоспарлау, объектілерді жобалау, салу және кейіннен пайдалану үшін қажетті ақпаратты (мәліметтерді, деректерді, бастапқы материалдарды немесе құжаттарды) тиісті сәулет және қала құрылысы органдарынан, сондай-ақ мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізетін мемлекеттік кәсіпорыннан (қолжетімділігі шектелген ақпарат пен құжаттарды қоспағанда) сұратуға және алуға;

2) меншікке сатып алынған немесе иеленуге, пайдалануға берілген жер учаскелерін қала құрылысы регламенттері, сервитуттар немесе өзге нормативтік талаптар (шарттар, шектеулер) шегінде нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға;

3) кәсіби қоғамдық ұйымдар құруға.



Сәулет және қала құрылысы туындыларына авторлық құқық

Авторлық құқық ғылым, әдебиет және өнер туындыларына, олардың мақсатына, мазмұнына, құндылығына, сондай-ақ білдірілу тәсілі мен нысанына қарамастан, шығармашылық қызмет нәтижесі болып табылатын туындыларға қолданылады.

Авторлық құқық жарияланған (басып шығарылған, жарыққа шығарылған, басылым түрінде шыққан, көпшілік алдында орындалған немесе көрсетілген), сондай-ақ мынадай объективті нысандардың бірінде көрініс тапқан жарияланбаған туындыларға да қолданылады:

1) жазбаша (қолжазба, машинкамен басылған мәтін, ноталық жазба және т.б.);

2) ауызша (көпшілік алдында айту, орындау және т.б.);

3) дыбыс немесе бейнежазба (механикалық, цифрлық, магниттік, оптикалық және т.б.);

4) бейнелеу (сурет, эскиз, картина, жоспар, сызба, кино-, теле-, бейне- немесе фотокадр және т.б.);

5) көлемдік-кеңістіктік (мүсін, модель, макет, құрылыс және т.б.);

6) өзге нысандар.

Авторлық құқық идеялардың, тұжырымдамалардың, қағидаттардың, әдістердің, жүйелердің, процестердің, жаңалықтар мен фактілердің өзіне қолданылмайды.

Авторлық құқық объектілері:

1) әдеби туындылар;

2) драмалық және музыкалық-драмалық туындылар;

3) сценарийлік туындылар;

4) хореография және пантомима туындылары;

5) мәтіні бар немесе мәтінсіз музыкалық туындылар;

6) аудиовизуалдық туындылар;

7) кескіндеме, мүсін, графика және бейнелеу өнерінің өзге де туындылары;

8) қолданбалы өнер туындылары;

9) сәулет, қала құрылысы, дизайн және бау-саябақ өнері туындылары;


10) фотографиялық туындылар және фотосуретке ұқсас тәсілдермен алынған туындылар;

11) география, топография және басқа ғылымдарға қатысты карталар, жоспарлар, эскиздер, иллюстрациялар және үш өлшемді туындылар;

12) ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар;

13) өзге туындылар.





Авторлық құқық объектілеріне жатпайды:

1) ресми құжаттар (заңдар, сот шешімдері, заңнамалық, әкімшілік, сот және дипломатиялық сипаттағы өзге мәтіндер), сондай-ақ олардың ресми аудармалары;

2) мемлекеттік рәміздер мен белгілер (тулар, елтаңбалар, ордендер, ақша белгілері және өзге мемлекеттік рәміздер мен белгілер);

3) халық шығармашылығы туындылары;

4) ақпараттық сипаттағы оқиғалар мен фактілер туралы хабарламалар.






Айрықша авторлық құқық иесі өз құқықтарын хабарлау үшін туындының әрбір данасына қойылатын және үш элементтен тұратын авторлық құқықты қорғау белгісін пайдалана алады:

1) шеңбер ішіндегі латынның «С» әрпі;

2) айрықша авторлық құқық иесінің аты (атауы);

3) туындының алғаш жарияланған жылы.

Егер өзгеше дәлелденбесе, қорғау белгісінде көрсетілген тұлға айрықша авторлық құқық иесі болып есептеледі.





Қазақстан Республикасының аумағында авторлық құқықтың қолданылуы

Қазақстан Республикасының аумағында алғаш жарияланған немесе жарияланбаған, бірақ түпнұсқасы оның аумағында қандай да бір объективті нысанда орналасқан туындыға авторлық құқық Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады. Мұндай жағдайда авторлық құқық авторға және (немесе) оның мұрагерлеріне, сондай-ақ автордың өзге құқық мирасқорларына азаматтығына қарамастан танылады.


Шет мемлекеттің аумағында алғаш жарияланған немесе қандай да бір объективті нысанда орналасқан туындылардың авторы болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтарына және олардың құқық мирасқорларына да авторлық құқық танылады.

Халықаралық шарттарға сәйкес құқық иесіне авторлық құқықты қорғау берілген кезде туындының шет мемлекетте жарияланған фактісі тиісті халықаралық шарттың ережелері бойынша айқындалады.

Қазақстан Республикасының аумағында туындыны қорғау мақсатында оның авторы туынды алғаш қорғала бастаған мемлекеттің заңдары бойынша айқындалады.

Сәулет және қала құрылысы туындыларына авторлық құқық пен оған байланысты туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңымен реттеледі. Шығармашылық еңбегі нәтижесінде сәулет және (немесе) қала құрылысы туындыларын жасаған азаматтар олардың авторлары болып танылады және тиісті авторлық құқыққа ие болады.





Сәулет немесе қала құрылысы туындылары авторларының мүліктік құқықтары (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңында және «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда) мынадай айрықша құқықтарды қамтиды:

1) жобаны іске асыру үшін пайдалануға немесе пайдалануға рұқсат беруге;


2) сәулет немесе қала құрылысы жобасын қайта шығаруға, таратуға және өңдеуге не бұған рұқсат беруге;

3) заңнамада көзделген тәртіппен аталған айрықша құқықтарды басқа тұлғаларға беруге.

Қызметтік міндеттерін немесе қызметтік тапсырманы орындау тәртібімен жасалған сәулет не қала құрылысы туындысының авторлары, егер шартта өзгеше көзделмесе, мүліктік құқықтарға ие болмайды.

Жоба тапсырыс берушісі (жұмыс беруші) мен авторлар (тапсырысты орындаушылар) арасындағы шартта қызметтік міндеттер немесе қызметтік тапсырма шеңберінде жасалатын сәулет не қала құрылысы туындысын пайдалануға байланысты мүліктік құқықтарды реттеу ережелері болуға тиіс.





Сәулет немесе қала құрылысы туындысының авторы:

1) құрылыс жобасын әзірлеу тапсырмасында өзгеше көзделмесе, авторлық жобаны іске асыру жөніндегі құрылыс құжаттамасын әзірлеуге авторлық қадағалау жүргізуге;

2) сәулет (қала құрылысы) жобасын әзірлеу тапсырмасында өзгеше көзделмесе, объектілер құрылысының (реконструкциялаудың, реставрациялаудың, жаңғыртудың) барысына белгіленген тәртіппен авторлық қадағалау жүргізуге;

3) жобаны әзірлеу шартында немесе жобалау тапсырмасында өзгеше көзделмесе және объект мемлекеттік құпияға жататын ақпаратты қамтымаса, фотосуретке түсіруге (кино-, бейнетүсірілім жасауға) құқылы.

Сәулет және қала құрылысы туындысы авторының (авторларының) жеке мүліктік емес құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен қорғалады.





Авторлық құқықтың қолданылуының басталуы

Туындыға авторлық құқық оның жарияланғанына қарамастан, үшінші тұлғалардың қабылдауына қолжетімді объективті нысанға келтірілген сәттен бастап қолданыла бастайды. Ауызша туындыға авторлық құқық оны үшінші тұлғаларға хабарлаған сәттен бастап қолданылады.

Егер туынды Азаматтық кодекстің 980-бабының (Қазақстан Республикасының аумағында авторлық құқықтың қолданылуы) аясына жатпаса, мұндай туынды алғаш рет Қазақстан Республикасында жарияланған кезден бастап авторлық құқықпен қорғалады.



Авторлық құқықтың қолданылу мерзімі

1. Авторлық құқық автордың бүкіл өмірі бойы және ол қайтыс болған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап жетпіс жыл бойы қолданылады.

2. Бірлескен авторлықпен жасалған туындыға авторлық құқық барлық бірлескен авторлардың өмірі бойы және басқаларынан кейін қайтыс болған соңғы автордың қайтыс болғанынан кейін жетпіс жыл бойы қолданылады.

3. Алғаш рет бүркеншік атпен немесе авторы көрсетілмей жарияланған туындыға авторлық құқық туынды жарияланған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап жетпіс жыл бойы қолданылады. Осы мерзім ішінде автордың кім екені немесе бүркеншік аты ашылса, осы баптың 1-тармағындағы мерзімдер қолданылады.

4. ҚР Азаматтық кодексінің 982-бабының 1-тармағында көрсетілген мерзімдер ішінде авторлық құқық автордың мұрагерлеріне тиесілі болады және мұрагерлікпен өтеді, сондай-ақ автормен, оның мұрагерлерімен және кейінгі құқық мирасқорларымен шарт жасасқан құқық мирасқорларға тиесілі болады.

5. Автор қайтыс болғаннан кейін отыз жыл ішінде алғаш жарияланған туындыға авторлық құқық оның жарияланған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап жетпіс жыл бойы қолданылады.

6. Авторлық, автордың аты-жөні және туындының қол сұғылмаушылығы мерзімсіз қорғалады.

Туындының қоғамдық игілікке айналуы

1. Туындыға авторлық құқықтың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін ол қоғамдық игілікке айналады.

2. Қоғамдық игілікке айналған туындыларды кез келген тұлға авторлық сыйақы төлемей еркін пайдалана алады. Бұл ретте авторлықты тану құқығы, автордың атына құқық және туындының қол сұғылмаушылығы сақталуға тиіс.





Авторлық құқықтарды басқару

1. Құқық иесі өзіне тиесілі құқықтарды өз қалауы бойынша жеке өзі жүзеге асыруға құқылы. Өзге тұлғалар авторлық құқықтарды тек құқық иесінің келісімімен және өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде басқара алады. Бұған Азаматтық кодекстің 977-бабында заңды өкіл өкілдікті жүзеге асыратын жағдайлар кірмейді.
2. Заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен авторлық және сабақтас құқық иелері осы құқықтарды басқару жүктелетін ұйымдар құра алады.





Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің негізгі міндеттері

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің субъектілері:

1) өз қызметін заңнамаға және мемлекеттік нормативтерге (мемлекеттік нормативтік құжаттарға) сәйкес жүзеге асыруға;

2) меншігіндегі (иелігіндегі, пайдалануындағы) пайдаланылатын объектілерді азаматтар үшін қауіпсіздікті және нормативтік әрі басқа міндетті талаптарға, оның ішінде эстетикалық талаптарға сәйкес орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тиісті күйде ұстауға міндетті.





2-сұрақ. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің жауапкершілігі

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамада белгіленген нормалар мен талаптарды (шарттарды, қағидаларды, шектеулерді) осы қызмет субъектілерінің бұзуы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

Мұндай бұзушылықтарға мыналар жатады:

1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында лицензияланатын қызмет түрлерін лицензиясыз жүзеге асыру;

2) аумақтардың бекітілген функционалдық мақсатынан, қала құрылысы регламенттерінен және қала құрылысын ерекше реттеу аймақтарында белгіленген режимнен ауытқу;

3) мемлекеттік мұқтаждықтарды қамтамасыз етуге байланысты қала құрылысы мақсаттары үшін жер учаскелерін таңдаудың, берудің (пайдалануға рұқсат етудің) және алып қоюдың заңнамада белгіленген тәртібінен ауытқу.




4) қала құрылысы құжаттамасын әзірлеудің, келісудің, сараптаудың және бекітудің белгіленген тәртібінен ауытқу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген құжаттамадан ауытқу немесе оны бекіткен органның рұқсатынсыз өзгерістер енгізу;

4-1) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеудің, сараптаудың және бекітудің белгіленген тәртібінен ауытқу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген құжаттамадан ауытқу немесе оны бекіткен органның рұқсатынсыз өзгерістер енгізу;

5) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауын жүзеге асыратын органдарға хабарламай құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу.





6) осы Заңда міндеттілігі көзделген жағдайларда сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауын, техникалық және авторлық қадағалауды ұйымдастырмай құрылыс жүргізу;

7) өз бетімен құрылыс салу, сондай-ақ ғимараттардың, жеке үй-жайлардың және (немесе) ғимарат бөліктерінің сәулеттік келбетін өзгерту, қайта жоспарлау (қайта жабдықтау, бейінін өзгерту);

8) елді мекендерді жоспарлау және салу кезінде белгіленген қызыл сызықтар мен құрылыс салу сызықтарынан, сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтардағы сары сызықтардан ауытқу;

9) жобалау, құрылыс салу және объектіні кейін пайдалану барысында сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы, сондай-ақ еңбек қорғау, өрт және жарылыс қауіпсіздігі, санитариялық және экологиялық қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік нормативтерді, мүгедектігі бар адамдар мен жүріп-тұруы шектеулі халық топтарының әлеуметтік, көліктік және рекреациялық инфрақұрылымға қолжетімділігі талаптарын сақтамау.

10) құрылысы аяқталған объектілерді қабылдау және пайдалануға беру, сондай-ақ пайдалану кезеңінде күтіп-ұстаудың заңнамада белгіленген тәртібін бұзу;

11) елді мекендерді (олардың бөліктерін) жоспарлау мен салуға (реконструкциялауға), жобаланатын объектілерге, сондай-ақ қоғамдық және жеке мүдделерге тікелей әсер ететін мекендеу ортасының жай-күйі мен күтілетін өзгерістеріне байланысты шешімдерді дайындау және қабылдау туралы ақпаратты лауазымды адамдардың негізсіз беруден бас тартуы немесе дұрыс емес ақпарат беруі;

12) мекендеу және тіршілік ету ортасының жай-күйін нашарлататын, азаматтардың, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың және тұтастай қоғамның құқықтары мен заңды мүдделерін шектейтін, мемлекеттік мүдделерге зиян келтіретін және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғатын өзге де әрекеттер.





Жіберілген бұзушылықты және оның салдарын жою, сондай-ақ келтірілген залалды (зиянды) өтеу міндеті осы бұзушылықтарға жол берген субъектіге жүктеледі.

Сәулет, қала құрылысы және (немесе) құрылыс қызметі субъектілері жіберген бұзушылықтардың салдарынан салынған объектіні пайдаланудың кепілдік мерзімін сақтамау фактілері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормаларына, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңның 69-бабына сәйкес айқындалады.

Сараптама жүргізу барысында жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында объектінің беріктігіне, орнықтылығына және сенімділігіне тікелей әсер ететін бұзушылықтар анықталып, олар сараптамаға белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, құжаттаманы әзірлеген ұйым Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікте болады.



Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу кезінде анықталған бұзушылықтардың дәлелі сараптаманың теріс қорытындысы (сарапшылардың айғақтары) болып табылады.

Құрылыс процесінде жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасынан салынып жатқан объектінің беріктігіне, орнықтылығына және сенімділігіне тікелей әсер ететін бұзушылықтар анықталған кезде құжаттаманы әзірлеген ұйым, сондай-ақ осы құжаттамаға оң қорытынды берген сарапшы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікте болады.

Анықталған бұзушылықтар мен сарапшылардың ескертулері дәлелді болуы және тиісті нормативтік құқықтық актілерге, қала құрылысы және техникалық регламенттерге, Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттардың нормалары мен ережелеріне сілтемелермен негізделуі тиіс. Ұсынымдық сипаттағы ескертулер беруге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мынадай құқық бұзушылықтар көзделген:

278-бап. Сапасыз құрылыс

279-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қағидаларды немесе нормативтердің талаптарын бұзу

280-бап. Сараптамалық жұмыстарды немесе инжинирингтік қызметтерді тиісінше орындамау







278-бап. Сапасыз құрылыс

1. Сапасыз салынған, аяқталмаған немесе шарт пен жобалау құжаттамасының талаптарына сәйкес келмейтін ғимараттарды, құрылыстарды, автомобиль жолдарын, тоннельдерді, электр станцияларын, тұрғын үйлерді не өзге құрылыс объектілерін пайдалануға тапсыру және (немесе) қабылдау, сондай-ақ құрылыс ұйымдарының басшыларының, жұмыс өндірушілерінің және құрылыс сапасын бақылайтын лауазымды адамдардың оларды сапасыз жөндеуі абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқса, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жүз сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейін айыра отырып не онсыз жазаланады.

2. Абайсызда адам өліміне немесе өзге ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекеттер белгілі бір лауазымдарды атқару не белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейін айыра отырып немесе онсыз, алты жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан көп адамның өліміне әкеп соққан әрекеттер белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейін айыра отырып не онсыз, үш жылдан сегіз жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.

279-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қағидаларды немесе нормативтердің талаптарын бұзу

1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қағидаларды немесе нормативтердің талаптарын бұзу абайсызда адам өліміне не өзге ауыр зардаптарға әкеп соқса, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейін айыра отырып не онсыз, алты жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан көп адамның өліміне әкеп соққан әрекет белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейін айыра отырып не онсыз, үш жылдан сегіз жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.





280-бап. Сараптамалық жұмыстарды немесе инжинирингтік қызметтерді тиісінше орындамау

1. Сараптамалық жұмыстарды немесе инжинирингтік қызметтерді тиісінше орындамау абайсызда адам өліміне не өзге ауыр зардаптарға әкеп соқса, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейін айыра отырып не онсыз, алты жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан көп адамның өліміне әкеп соққан әрекет белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейін айыра отырып не онсыз, үш жылдан сегіз жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Инжинирингтік қызметтер — жаңа объектіні жасау процесін, мысалы, жобалау және құрылыс процесін техникалық сүйемелдеу қызметтері.

Инжинирингтік қызметтер ұғымы қызмет бағыттарының кең ауқымын қамтиды. Инжиниринг саласына жобалау-іздестіру жұмыстарының барлық кезеңі (жоба алдындағы дайындық, техникалық-экономикалық негіздеме, конструкторлық әзірлемелер), объектілер құрылысын дайындау, сүйемелдеу және оларды пайдалану, консультациялық және өзге қызметтер кіреді.

СӘУЛЕТ, ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ, ҚҰРЫЛЫС ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚАТЫНАСТАРЫ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР (ҚР ӘҚБтК)

312-бап. Сәулет-құрылыс саласындағы заңнама мен мемлекеттік нормативтер талаптарын бұза отырып жоба алдындағы, іздестіру, жобалау, құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау, құрылыс материалдарын, бөлшектерін және конструкцияларын өндіру және қолдану.

313-бап. Құрылыс-монтаж және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде бекітілген құрылыс нормалары мен жобалау құжаттарының талаптарын бұзу.

314-бап. Объектілерді салу және реконструкциялау кезінде белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасынсыз құрылыс, құрылыс-монтаж және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу.

315-бап. Объектілерді салу, реконструкциялау, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын дайындау кезінде атқарушылық техникалық құжаттаманы ресімдеу қағидаларын бұзу.

316-бап. Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасынсыз немесе белгіленген тәртіппен сараптамадан өтпеген құжаттама бойынша объектілер мен кешендерді салу (реконструкциялау, реставрациялау, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, күрделі жөндеу).

317-бап. Сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу.

317-1-бап. Аккредиттелген заңды тұлғалардың инжинирингтік қызметтер (техникалық қадағалау және жобаны басқару) мен сараптамалық жұмыстар (жобаларды сараптау, ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау) кезінде заңнаманы бұзуы.

317-2-бап. Жобалау мен құрылыс процесіне қатысатын инженерлік-техникалық қызметкерлерді сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнама мен өзге нормативтік актілердің талаптарын бұза отырып аттестаттау.

318-бап. Объектілер мен кешендерді қабылдау және пайдалануға беру тәртібін бұзу.

319-бап. Заңсыз құрылыс.

320-бап. Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу және тұрғын үй заңнамасының талаптарын бұзу.

321-бап. Техникалық және авторлық қадағалаусыз құрылыс жүргізу.

322-бап. Үй-жайларды заңсыз қайта жабдықтау және қайта жоспарлау.

323-бап. Белгіленген тәртіппен пайдалануға берілмеген объектілер мен кешендерді пайдалану.

323-1-бап. Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасын бұзу.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің субъектілерін атаңыз.

2. Сәулет және қала құрылысы туындыларына авторлық құқық қандай нормативтік актілермен реттеледі?

3. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің жауапкершілігін сипаттаңыз.

4. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құқық бұзушылықтар үшін ҚР Қылмыстық кодексінде қандай жауапкершілік көзделген?

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңы (2020 жылғы 02.07 жағдайындағы өзгерістер мен толықтырулармен).

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім), 1994 жылғы 27 желтоқсан (2020 жылғы 03.07 жағдайындағы өзгерістер мен толықтырулармен).

3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), 1999 жылғы 1 шілде (2020 жылғы 14.07 жағдайындағы өзгерістер мен толықтырулармен).

4. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңы (2020 жылғы 06.05 жағдайындағы өзгерістер мен толықтырулармен).

5. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі.

6. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.